

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTIK
ANNUITETTIK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»

БЕКІТІЛГЕН
«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» акционер қоғамы
Директорлар кеңесінің 2026 жылғы
«12» тамыздағы № 12 шешімі




«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне
өзгерістер мен толықтырулар

Ереже МАК 815

Басылым: төртінші

Астана қ., 2026 ж.

 MEMLEKETTIK ANNUITETTIK KOMPANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2026 жылғы «12» тамыз	Басылым: төртінші
	«МАК «ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	4 беттің 2 беті

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру
компаниясы» АҚ-ның 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Андеррайтинг кеңесі
туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55 шешімімен бекітілген «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Ереженің бүкіл мәтіні бойынша:

«заңнамалық актілер» деген сөздер «заңдар» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Тәуекелдерді басқару қызметі» деген сөздер «Риск-менеджмент департаменті» деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің 6-бөлімінің 6.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2. Кеңестің құрамы мынадай мүшелерден (мүдделі құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің қызметкерлері және басшы қызметкерлер) тұрады және оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді:

- 1) Қоғам Басқармасының төрағасы;
- 2) Сақтандыру жөніндегі басқарушы директор;
- 3) Андеррайтинг департаментінің директоры;
- 4) Заң департаментінің директоры;
- 5) Филиалдарды үйлестіру департаментінің директоры;
- 6) Маркетинг және корпоративтік сату департаментінің директоры;
- 7) Риск-менеджмент департаментінің директоры;
- 8) Актуралық есептеулер және талдау қызметінің басшысы;
- 9) Қайта сақтандыру қызметінің басшысы.

Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері лауазымға тағайындалған күннен бастап (не лауазым Кеңес құрамына енгізілген күннен бастап) аталған лауазымдардағы өкілеттіктері тоқтатылған күнге дейін Кеңес мүшелері болып табылады. Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері болмаған жағдайда, Кеңес мүшелері болып лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес олардың міндеттерін атқаратын тұлғалар табылады.»;

Ереженің 8-бөлімінің 8.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8.2. Кеңес қызметін бағалау критерийлері:

№	Критерий	Түсіндірме	Критерийдің салмағы
1	Кеңестің шешімдерді уақтылы қабылдауы	Кеңестің мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау мерзімдерін сақтауы	10%
2	Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның	Шешімдердің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі нормативтік	10%

 MEMLEKETTİK ANNUİTETTİK KOMPANİA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2026 жылғы «12» тамыз	Басылым: төртінші
	«МАК «ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	4 беттің 3 беті

	ішкі нормативтік құжаттары нормаларының сақталуы	құжаттарының талаптарына сәйкестігі	
3	Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде андеррайтингтік шешімдер қабылдау, сондай-ақ сақтандыруға қабылданатын объекті мен тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифінің сәйкестігін қамтамасыз ету	1) Директорлар кеңесі белгілеген лимиттердің сақталуы; 2) Сақтандыру шартын жасасуға қатысатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қорытындыларының дайындалуы	20%
4	Қабылданған андеррайтингтік шешімдерге талдау жүргізу	Сақтандыру шарттары бойынша бұрын қабылданған андеррайтингтік шешімдердің сапасын, тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау: - оң андеррайтингтік шешімдердің жасалған сақтандыру шарттарына конверсиясын талдау; - оң андеррайтингтік шешім қабылданған өтініштер бойынша сақтандыру шарттарының жасалмау себептерін талдау; - тәуекелді сақтандыруға қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылданған өтініштерді талдау; - сақтандыру шарттарын пролонгациялау (ұзарту) кезінде клиенттерді ұстап қалу деңгейін талдау; - сақтандыру түрлері және андеррайтингтік шешімдерді қабылдау деңгейлері бөлінісінде жасалған сақтандыру шарттары бойынша мәлімделген залалдар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін талдау	25%
5	Қабылданған	Есепті күнге қолданыстағы	25%

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2026 жылғы «12» тамыз	Басылым: төртінші
	«МАК «ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	4 беттің 4 беті

	тәуекелдердің барабар бағалануын бақылау	сақтандыру шарттары бойынша шығыстар көрсеткішінің 100%- дан аспауын бақылау	
6	Сатып алу рәсімдеріне қатысуға байланысты сақтандыру мәмілелері бойынша мәселелерді жедел қарау	Қоғамның сатып алу рәсімдеріне қатысуына байланысты сақтандыру мәмілелері бойынша шешімдердің «Міндетті сақтандыру шарттарын жасасу рәсінде» (Р МАК 719) көзделген Қоғамның сатып алу рәсімдеріне қатысу тәртібіне сәйкес уақтылы қабылдануын қамтамасыз ету	10%
	Барлығы		100 %

2. Осы өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Келісу кестесі

Көшірме	Код	Басылым	Әзірлеу үшін жауапты	
	Ереже МАК 815	төртінші	Андеррайтинг департаменті	
			күні	Қолы
				ЭЦҚ

Норм. мерзі м	Келісуге келіп түскен күні	Т.А.Ә.	Келісу нәтижесі			
			Ескертулер мен қайтарылды		Келісілді	
			күні	қолы	күні	қолы
3 күн	11.06.2026 ж.	А. Кененбаева			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	А. Нургалиев			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	Т. Есенов			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	А. Макашева			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	Ж. Ерекеев			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	Е. Сагишев			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	Г. Баймуратова			15.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	А. Шамшуалеева			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ
3 күн	11.06.2026 ж.	Т. Татинбеков			12.06.2026 ж.	ЭЦҚ